

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою, есепке алу, сақтау және жою қағидаларын және Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының тізбесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 722 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 21 мамырда № 1287 Жарлығы
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою, есепке алу, сақтау және жою қағидаларын және Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 722 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою, есепке алу, сақтау және жою қағидаларында 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Паспортты Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін, Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасы лауазымды адамдарының тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) сәйкес Министрлік береді.

Тізбеде көрсетілмеген адамдарға Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің беруіне жол беріледі."

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. Тоқаев